

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 247-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 22 қаңтардағы N 8-ө Өкімі

"Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен әл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 247-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен әл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру жөніндегі іс - ш а р а л а р ж о с п а р ы н д а :

"Орындалу мерзімі" деген 4-бағандағы реттік нөмірі 5-жолда "2007 жылғы қараша" деген сөздер "2008 жылғы наурыз" деген сөздермен ауыстырылсын;
р е т т і к н ө м і р і 8 - ж о л д а :

"іс-шаралардың атауы" деген 2-бағандағы "(шамамен 2008 жыл)" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"Орындалу мерзімі" деген 4-бағандағы "2007 жылғы III тоқсан" деген сөздер "2008 жылғы IV тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министр